



«Step by step» немесе «Тәй-Тәй» технологиясы

**Сәбидің аттаған алғашқы қадамы – жаңа
өмірге басқан қадамы.**

**Бұл ата-ана үшін,
біз үшін үлкен қуаныш,
Айтып жеткізе алмайтын бақыт.**

Жоспар:

1. Тәй-тәй технологиясының теориялық негіздері.
2. Технологияның Қазақстанда тәжірибеге еңгізу жолдары.
3. Белсенділік орталықтарын құру және сабақты ұйымдастыру әдістері.
4. Ата-аналарды технологияға тарту тиімділігі.

- Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш оқыту саласы білім беру мазмұнын жаңартуға байланысты ізденістер, жаңа технологияларды енгізу, **«педагог-бала-педагог»** жүйесіндегі қарым-қатынастарды қайта құруға сәйкес айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда, бұл сөзсіз жаңа қоғам педагогтерін қалайды, олардың ішкі жан-дүниесін және білім берудегі әдіс-тәсілдерін өзгертуді талап етеді. Бала санасын білім беру арқылы қалыптастыру – бұл шығармашылық даму түрі, бұған ішкі еркіндікке ие болуы, өзіндік этикалық қағидалардың қалыптасуы, жекелеген сезімдік және құнды түсініктерді зерделеп қабылдауы ықпал етеді, осының бәрі жаңа инновациялық **«Step by Step»** технологиясының нәтижесінде мүмкін болып отыр.

«Step by Step»

-

- **Ж.Пиаже, Э.Эриксон, Л.Выготский сияқты алдыңғы қатарлы ғалым педагогтар мен психологтардың теориясына негізделген инновациялық технология**

Бағдарламаның негізгі міндеті

**«Step
by
Step»-**

- демократиялық қоғамның лайықты мүшелерін тәрбиелеу

Бағдарламаның мақсаты -

**әр баланың жеке
қабылдауы мен даму
кезеңдерін есепке ала
отырып оқыту**

Жекешелендіру
– әр бала үшін

«Step by Step»
технологиясының
ерекшеліктері

Отбасының
қатысуы

Жоспарлау
арқылы
балалардың
таудауына
көмектесу

Жекешелендіру - бұл баланың күнделікті дамуын есепке ала отырып, сабақтар мен тапсырмаларды әр бала жетістікке жете алатындай етіп жоспарлау

- Балаға арналған орта да жекешелендіруге жағдай туғызады

Балалар да өздерінің мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сай жұмыс түрін таңдау арқылы жекешелендіруді жүзеге асырады

Таңдау «Step by Step» бағдарламасымен жұмыс жасайтын топтардағы ахуалдың өзі балаға өз бетімен таңдау жасауға мүмкіндік береді

Ата-ананың қатысуы «Step by Step» бағдарламасы бойынша ата-аналар берілген білімді үйде бекітіп, толықтыруға көмектеседі

Тәрбиешілер балалардың үйдегі үйренгенін оқу бағдарламасын игертуге пайдаланады

Балабақша мен отбасының байланысы тәрбиешілер мен ата-аналардың өзара құрметі мен сеніміне құрылады

Сонымен қатар «Step by step» бағдарламасы ерекше қажеттілікті балаларды қолдауды, қатардан қалдырмауды қамтамасыз етеді. Оның негізіне төмендегідей қатаң тұжырымдар салынған:

Балалар отбасы мен қоғамдастықтың мүшесі болып табылады.

Әр баланың қайталанбайтын бірегей ерекшелігі, қызығушылығы, қабілеті мен қажеттіліктері бар.

Әр бала білім алуға құқылы.

Балалардың қажеттіліктері назардан тыс қалмай және дербес түрде қанағаттандырылған жағдайда олар жақсы оқиды.

Бағдарламаның балаларға ұсынатындары:

Іс-әрекеттерді таңдау мүмкіндігі

Зерттеу ісімен шұғылдану

Проблеманы қою және шеше білу

Іскер және тапқыр болу

Отбасының оқу-тәрбие ісіне

Қатысы:

- Ата-аналар өз балаларының алғашқы ұстаздары мен адвокаттары.
- Олардың педагогикалық процесстерді жоспарлау мен ұйымдастыруға қатысулары балалар мен ата-аналардың өздері үшін де айрықша маңызды.
- Сабақ, бірлесіп өткізілген семинарлар, сұхбаттасу, үйлеріне бару, ақпараттармен алмасу арқылы тығыз қарым-қатынас орнатуға ат салысады.

Бағдарламаның басты бағыты:

Әлеуметтік әділдік жолындағы
білім

Әлеуметтік инклюзия

Ата-аналармен жұмыс

Сапалы білім беру, жетужолдары,
стандарттар, индикаторлар

Тренингтер мен семинарлар


«Тәй-тәй» бағдарламасы бойынша өткізілетін тренинг, семинарлардың басты принциптері:

- баланы даму деңгейіне қарай оқыту;
- тікелей балаға бағытталған оқыту;
- отбасының қатысуы;
- демократия тәжірибесі;

Ата-анамен жұмыс

Баланың алғашқы ұстазы – ата-анасы.

Яғни, тәрбие және оқыту үрдісіне отбасыларды қатыстыру - **«Тәй-тәй» бағдарламасының негізгі бөлігі болып табылады.**

- 
- Осы бағдарламамен жұмыс жасайтын балабақшаларда ата-аналарға арналған бөлме орналасқан, онда осы бағдарлама туралы мәліметтермен және жасөспірім психологиясымен, көптеген кітаптармен, түрлі материалдармен танысып, ойыншықтар мен әдістемелік материалдарды алып пайдалануларына мүмкіндік жасалған. Әрі осы бөлмеде ата-аналар мен ұстаздар өз ойларын ортаға салып, пікірлерімен алмасуға, жиналыстар өткізуге, кофе ішуге де мүмкіндіктері бар.

Бағдарлама бойынша жұмыс жасау технологиясы

Бағдарлама күнделікті сабақ циклдерінен тұратын белгіленген құрылымға ие.

Цикл құрамы келесіден тұрады:

- 1) топтасу (балалар бірге ойнайтын, жаңалықтарды және идеяларды талдайтын, нақты осы күнді және келешекті жоспарлайтын орын және уақыт);
- 2) белсенділік орталықтарындағы жұмыс (педагогтің тапсырмасы және өздік тапсырма бойынша ойындық және оқу жұмыстары);
- 3) қорытынды жиналу (талдау және өздігінен талдау негізінде қорытында жасау және келешекті талқылау).

Әдістемелер

«Тәй-тәй » бағдарламасының әрбір мемлекет қатынасушыларына жергілікті жағдайларға сәйкес шетел тілдерінде басып шығаруды мамандар дұрыс деп ұйғарды. Әрбір әдістемелік оқу модульдерімен толықтырылады.

- ✓ ***Балаға бағытталған бағдарлама құру (емшектегі балалар мен ясли жасындағы балаларға);***
- ✓ ***Туғаннан бастап бір жасқа дейінгі балаларға арналған оқу сабақтары: күнделікті пайдалануға арналған құрал.***
- ✓ ***Балаларға бағытталған сыныптар құру (3-5 жас).***
- ✓ ***Балаға бағытталған математика және табиғи ғылым материалдарын құру (3-6 жас).***
- ✓ ***Балаға бағытталған сыныптар құру (6-7 жас).***
- ✓ ***Балаға бағытталған сыныптар құру (8-10 жас).***
- ✓ ***Инклюзивті сыныптар құру.***

Өзгерісті жүзеге асыру: қоғамдық іс-әрекеттер мен ата-аналардың құқығын қорғауға арналған әдістемелік нұсқаулық .
Білім беру мен мәдениет демократиясы: мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәжірибелік жұмыстары.

«Өзің жасап ал» тәрбиешілерге арналған әдістемелік құрал. - Астана, 2010. - 164 бет

**Авторлар: Д.Р. Столберг, Э.Р. Дэниэлс
Алғашқы баяндама жазған: П.А.
Коглин**

**Аударғандар: Д.Қ. Айтжанова, Т.М.
Динжанова, Г.М. Мышбаева.**

- Бұл құрал 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалармен жұмыс жасайтын тәрбиешілерге арналған «Step by Step» бағдарламасының әдістемелік құралдарының бірі. Мұнда қолда бар материалдардан математика және дүниетану сабақтарына қажетті құралдарды қалай жасау қажеттігі айтылған.



«Қоғамдастық»

бағдарламасының

материалдары неден тұрады?

- 5-7 жастағы балаларды үй жағдайында ата-аналар, үй тәрбиешілері және әлеуметтік педагогтер көмегімен мектепке дайындау үшін «Step by step» (ISSA) халықаралық ассоциациясы арнайы әдістемелік және дидактикалық материалдар кешенін жасап шығарды. Комплект 4 басылымнан тұрады:
- **1) балалар үшін материалдар** — дамытудың жеке динамикасын және креативтікті, ұсақ моториканы, тілді, сауат негіздері және математиканы дамытатын ойындық тапсырмалар.
- **2) балалар үшін материалдармен байланысты тапсырмалар, икемді жүйедегі сұрақтары бар үй тәрбиешілері және ата-аналар үшін материалдар;**
- **3) фасилитаторлар үшін материалдар** (ата-аналарды және балаларды үй жағдайында мектепке дайындау жағдайында сүйемелдейтін тәлімгерлер, көмекшілер) – баланың дайындығын іске асыратын адамдарды дайындау үшін семинарлардың сипаттамасы беріледі
- **4) тренерлер үшін материалдар** – фасилитаторларды дайындау бойынша тренингтердің құрылымдық сипаттамасы.
- Материал комплектісі 9 айға берілген.

«Step by Step» бағдарламасындағы тәрбиешінің қызметі

- «Step by Step» бағдарламасымен жұмыс істейтін топтардағы тәрбиешілер мәлімет беруші емес.
- Ол біліктілікті ынталандырып, оқуға деген жауапкершілікті бөліседі; ол топтағы ортаның қауіпсіздігін жоспарлайды және қамтамсыз етеді. Әрине, бұл оның топтағы ересек адам ретінде рөлін кішірейтпейді, дегенмен таным мен білім бағытталған негізгі адам **бала болуы тиіс.**

Тәрбиешінің негізгі жұмысы төмендегідей:

Тәрбиеші:

- **балаларды түрлі материалдармен қамтамасыз етеді**
- **қоршаған ортамен шектеусіз қарым-қатынас жасауға қолайлы жағдай туғызады.**

Балалар өз бетімен сынап көру, қателесу арқылы әлемнің қалай құрылғанын анықтаулары қажет. Үйренген білім белсенді жаттығулар арқылы жақсы бекітіледі.

Бағдарлама балаларға көмектеседі

- I) Выстроить собственное понимание:
 - а) физического мира.
 - б) социальной и культурной деятельности.
 - в) логики и математике
 - г) устного и письменного слова.
- II) Стимулирует:
 - а) физическое развитие.
 - б) социальное и эмоциональное.

Бағдарлама балаларға көмектеседі

Келесі туралы өз түсінігін құруға

- Физикалық әлем
- Әлеуметтік және мәдени іс-әрекет
- Логика мен математика
- Ауызша және жазба сөз туралы



Ынталандырады:

- * Физикалық дамуды
- Әлеуметтік және эмоционалдық дамуды